

Маржиналізм мектебі

Экономикалық теория

маржинализм

Сұраныс

Өндіріс факторлары

Өнімділік

Экономикалық теория — бұл:
- ұдайы өндірістің фазалық динамикасы және ұзын толқындар динамикасы арқылы жүріп отыратын, экономикалық өсудің заңдылықтары мен факторлары туралы ғылым, ұлттық байлық туралы ғылым:

қажеттіктерді қамтамасыз ету үшін тауарлар өндірісінде, оны айырбастауда шектелген ресурстарды (еңбек, жер, капитал, кәсіпкерлік) пайдалану туралы ғылым;

**өндіріс пен айырбас
әрекеттерінің түрлері
туралы, адамдардың
күнделікті іскерлік өмірі
туралы және өмір сүруге
қажет заттар алу туралы
ҒЫЛЫМ**



**Экономикалық теория – экономикалық
жүйелерге, экономикалық дамуға,
экономикалық заңдар мен
заңдылықтарға ғылыми
көзқарастардың жиынтығы, яғни
экономикалық құбылыстар мен
үдерістер туралы, шаруашылықтың
жұмыс істеуі туралы**

**Өндіріс пен бөлу
тәсілдерінің дамуын,
еңбек нәтижелерінің
пайдаланылу бағытын,
меншік қатынастарын
зерделейді.**



**Экономикалық-өндірістік
қатынастардың
теориялық тұжырымы
экономикалық
категориялар (қоғамдық
еңбек бөлінісі, тауар,
ақша, капитал, ұлттық
байлық, т.б.) арқылы
жасалады.**

Маржинализм — экономикалық теория. М. шекті өнімділік, шекті шығын, шекті пайдалылық табыстылықтың кему заңдарын, сұраныс пен ұсыныс заңдарын басшылыққа алады. 1870 — 80 ж. тарихи экон. ілімде “маржиналистік төңкеріс” дәуірі деп аталады. Шекті, маржиналдық тәсілді Австрия мектебінің негізін қалаушылар: К. Менгер (1840 — 1921), Ф. Визер (1851 — 1926), О. Бэм-Баверк (1851 — 1919) игіліктердің пайдалылығын зерттеуде тұңғыш рет қолданды. Жаңа класс. теорияны жасаушылар шекті талдауды тауар, көрсетілетін қызмет бағасының құралуын, бәсекелі рыноктегі өндіріс факторларын зерделеу үшін пайдаланды. Мұндағы өзекті мәселе — кемел бәсеке экономикасының тепе-теңдігін сақтау идеясы. Экономиканы сипаттауға микроэкон. көзқарас осы теорияның айрықша белгісі болып табылады. М. теориясында құндылықтың субъективтік сияқты ұғымдарға негізделеді, шекті пайдалылықтың, өнімділіктің теориясы, шекті пайдалылық теориясы, жарасымды экономикалық теория, т.б. тұжырымдалады.

Маржинализмнің (француз тілінде marginal – шекті, шектеулі) марксизмнен айырмашылығы – қанауға негізделген өндіріс әдісі ретінде капитализм мәнін зерттеуден бас тартып, шаруашылық қатынастарын зерттеуге бет бұрды. Ол ХХ ғ. 70 – жылдары пайда болды. Оның өкілдері: Австрияда К.Менгер, Англияда У. Джевонс, Швердцарияда Л. Вальрас. Маржиналистер саяси экономиканың міндетін рационалды шаруашылық пен шекпеулі ресурстарды бөлудің ең тиімді тәсілдерін іздеуден көрді.